



2021 жылғы 9-10 маусым

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумын ZOOM интернет платформасында қашықтық форматында, сонымен қатар онлайн режимінде өткізеді.

Республикада экологиялық-биологиялық бағыттағы үйірмелермен 80 мыңнан астам бала айналысады, бұл оқушылардың жалпы санының 2,3 пайызын құрайды.

Экологиялық және биологиялық білім - білім алушыларға жаңа, нақты білімді игеруге мүмкіндік береді, экологиялық мәдениетті қалыптастыру құралдарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, кәсіби бағдардан басқа, шешілетін мәселелерге ғылыми, шығармашылық көзқарастың алғышарттары жасалады.

Форумның мақсаты – қоршаған ортаның экологиялық жағдайының мәселелерін зерттеуге балаларды тарту, балама қуат көздерін қолдану идеясын дәріптеу, жеке тұлғаның шығармашылық дамуы, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, қоғамдық өмірге бейімдеу, бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдай жасау.

Форумға қатысушылар - жас өлкетанушылар, экологтар және табиғат зерттеушілердің өңірлік форумдарының жеңімпаздары (170 қатысушы). Оларға қоршаған ортаны қорғау саласындағы зерттеулері мен өнертабыстарын көрсету мүмкіндігі беріледі.

Балалар онлайн режимде «Денсаулық және қоршаған орта», «Жасыл экономика» зерттеу жобаларын қорғайтын болады.

Форумға ұсынылған «Экоболашақ» бейнероликтері абаттандыру, көгалдандыру бойынша атқарылған экологиялық жұмыстар, мектеп

жанындағы алаңдар, жылыжайлар, мектеп орман шаруашылығы және басқа да өз өңірлеріндегі жұмыстар туралы баяндайды.

Сондай-ақ, Форумға қатысушылар «Туған өлке тарихы» виртуалды саяхаты, «Жасыл оазистер» экодизайнерлер байқауы, «Жеңіс мамыры» панно немесе коллаж байқауы номинациялары бойынша шығармашылық жұмыстарын ұсынады.

Форум аналитикалық ойлаудың қалыптасуы мен дамуына, өскелең ұрпақты ғылыми зерттеулер мен тәжірибелерге белсенді қатысуға, олардың кәсіби өзін-өзі анықтауға, экологиялық мәселелерді шешуге практикалық қатысуға жағдай жасауға ықпал етеді.

Форум экологиялық мәдениетті насихаттауға, азаматтық сана-сезімді қалыптастыруға, республиканың білім беру ұйымдарында экологиялық қызметті белсендіруге бағытталған, әр облыста осы бағыттың даму деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Форумның жеңімпаздары дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттар, барлық қатысушылар сертификаттар алады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: 8 (7172) 64-27-24; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.